

Көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 13 ақпандағы № 05 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 ақпанда № 5423 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Түркістан облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Сарыағаш ауданы Қызылжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылжар ауылдық округіндегі көшелерге келесі атаулар берілсін:

1) Жаскешу елді мекеніндегі № 1 атауы жоқ көшеге - Бәйтерек атауы;

3) Жаскешу елді мекеніндегі № 2 атауы жоқ көшеге - Ынтымақ атауы.

2. "Қызылжар ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қызылжар ауылдық округі әкімінің орынбасары **Ғ.Майриховқа** жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылжар ауылдық округінің әкімі

А. Ешанкүл